



Автор: Кашиева Алина Совхозбаевна

Пән: Дүниетану. Тарих компоненті

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Мен және қоғам

Тақырып: Мен, сен, ол, олар – барлығымыз бір отбасымыз!

Оқыту мақсаты	3.1.1.1 отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастарды түсіндіру.
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар: – туысқандық байланыстың не екенін біледі; – туысқандарды туыстығы жағынан қалай атау керек екенін біледі. Көптеген оқушылар: – отбасы мүшелері арасындағы туысқандықтың дәрежесін қалай түсіндіру керек екенін біледі. Кейбір оқушылар: – өзінің туысқандық байланысына зерттеу жүргізеді.
Тілдік мақсаты	Оқушылар: – жауаптарын нақтылау үшін өмірден мысалдар келтіреді; оқулықтағы мәтіннен алынған ақпараттарды қолданады. Пәнге қатысты лексика мен терминология: Отбасы, туысқандық байланыс Диалогке/жазылымға қажетті тіркестер Туысқандық дәреже, туысқандық байланыстар Талқыланатын мәселелер: Отбасында кім қалай аталады?
Алдыңғы білімдер	Отбасы жайындағы білімдері, оқушылардың өмірлік тәжірибелері

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Ой қозғау (2 мин)	Қоңырау соғылды, сабағымызды бастаймыз. Құлағымыз тұрулі, көзіміз ашық болсын. Тыңдаймыз, есте сақтаймыз, бір минутты да жоғалтпаймыз.	оқушылар
Ширату жаттығу (3 мин)	Барлығымыз тұрамыз Кімнің ағасы бар болса, қолдарын көтерсін. Кімнің сіңлісі болса, оң қолын көтерсін Кімнің қарындасы болса, сол қолын көтерсін Кімнің әжесі болса, сол құлағын ұстасын Кімнің атасы болса, оң құлағын ұстасын Кімнің туысқандары бар болса, шапалақтасын	қимылмен https://youtu.be/xphjEsrTxzc

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Жаңа сабақ (30 мин)	1. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру. 2. Сабақтың тақырыбы бойынша жұмыс. Әуен арқылы сабақ тақырыбын ашу – Отбасы деген не? -Отбасы мүшелерін не біріктіреді? -Отбасы мүшелерін қалай атайды? -Отбасында қалай тату-тәтті өмір сүру керек? 3. (Ж) Оқулықтағы мәтінмен жұмыс. – Мәтінді оқып шығыңдар. Мәтін бойынша не түсінгені ұжымда талқылау Адамдардың арасындатуысқандық байланысы туралы не білесіңдер ? Миға шабуыл : (Ұ)Дұрыс-Дұрыс емес Бірге тұратын барлық адамдарды отбасы деп атауға болама Отбасы мүшелері бір-бірімен ұрысады, бір-бірін ренжітеді. Отбасымүшелері бір-бірін жақсы көреді, бір-біріне қамқор болады. Отбасыныңәрбір мүшесінде өзінің жеке пәтері бар. Отбасы мүшелері бір шаңырақтастында өмір сүреді. Отбасының әрбір мүшесінде өзінің бюджеті бар.Отбасында бір бюджет бар, ақшаны бірлесе отырып, қажеттіліктергебөледі. Отбасының әрбір мүшесі өз алдына бөлек демалады. Отбасымүшелері уақытты бірге өткізеді. Отбасының әрбір мүшесінде өзшаруашылығы бар. Барлығы бірігіп, үй шаруашылығын бірге жүргізеді.Отбасы мүшелерін бір-біріне жауапкершілік,сүйіспеншілік, көмек, түсіністікбіріктіреді Бағалау: «Житон»арқылы бағалау Сергіту сәті Песня : Я ты она- қимыл жасау Жұптық жұмыс«Кімді қалай атаймыз?» ойыны . Тірек сөздерді пайдаланып дұрыс жауабын тап Отбасында екі қыз бар. Олар бір-біріне кім болып келеді? (Апалы-сіңлілер) Әкемнің әкесі (Ата). Анам – әйелі, ал әкем – (ері), Отбасында екі ұл бар. Олар бір-біріне кім болып келеді? (Ағалы-інілілер) Әкемнің ағасы (аға) Отбасының ұйытқысы (ана) Рудың жалғасы, мұрагер (ұл). Ата-ананың баласы, бірақ ұл емес (қыз) Ағамның ұлы (іні) Әкемнің анасы (әже) Бағалау: бағдаршам Зерттеу жұмысы: «өзінің туысқандық байланысына» зерттеу «шығарма» «Менің отбасымен таныстыру»	сұрақ -жауап https://imektep.kz/images/logotype-header.png
Рефлексия (5 мин)	– 1 жұп: Әкең сені жақсы көргенде қалай атайды? – 2 жұп: Анаң сені жақсы көргенде қалай атайды? Тәрбиелік бағыт: -Үш тілде айту: Мама -мазе- ана Папа-фазе- әке Міне, балалар қазақша ата-аналарымызды қалай атайды екенбіз? Әке, ана- әкешім, анашым -деп айтып көріңдерші, қандай сезімдесіңдер? Енді осылай атайық!	bilimland.kz
Үй тапсырмасы (2 мин)	-бет 26-27 оқу. Шығарма: «Менің отбасым» жазып келу	шығарма